

**«Қазақ спорт және туризм
академиясы» КЕАҚ**
Ғылыми кеңестің
№3.1 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ
11.11.2023 жыл
Алматы қаласы

**НАО «Казахская академия спорта и
туризма»**
Ученый Совет
ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА №3.1
11.11.2023 год
город Алматы

Председатель – Закирьянов К.К.
Ученый секретарь – Жуманова А.С.
Всего 33 члена Ученого совета (список прилагается)

Ғылыми кеңесі мәжілісінің
КҮН ТӘРТІБІ / ПОВЕСТКА ДНЯ
заседания Ученого Совета

Әртүрлі.

PhD докторы, қауымдастырылған профессор Дошыбеков Айдын Бағдатұлын ҚР ғылым және жоғары білім министірлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2023» конкурсына қатысу үшін кандидатурасын талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Закирьянов К. К.- Қазақ спорт және туризм академиясының президенті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор:

ҚР ғылым және жоғары білім министірлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2023» конкурсы жариялады. ҚазСТА ректоратында алдын ала үміткерлерді талдай отырып, Қазақ спорт және туризм академиясының Ғылыми кеңесі PhD докторы, қауымдастырылған профессор Дошыбеков Айдын Бағдатұлын, бірінші кезендегі эксперттің бағалауымен 62,5 балл жинаған, ҚР ғылым және жоғары білім министірлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2023» байқауына қатысу үшін кандидатурасын ұсынады. Осы мәселе бойынша пікірлер мен ұсыныстар беруіңізді сұраймын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Шалабаева Л.И.-Ғылым және Стратегиялық даму проректоры: PhD докторы, қауымдастырылған профессор: PhD докторы, қауымдастырылған профессор Дошыбеков Айдын Бағдатұлы Еңбек жолын 2007 жылы «Дене шынықтыру және спорттың теориялық негіздері» кафедрасының оқытушысы болып бастап, 2009 жылы академияның аға оқытушысы, 2018 жылы доцент міндетін атқарушы және 2019 жылдан аталған кафедра меңгерушісі қызметін атқарды, 2021 жылдан бастап «Күрес және ұлттық спорт түрлері» кафедрасының меңгерушісінің міндетін атқарып келеді.

Бүгінде философия ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, жас талантты ғалымдарға арналған мемлекеттік стипендияның иегері.

Сонымен қатар, қоғам дамуы үшін де бірталай еңбек еткен Айдын Бағдатұлы 2015-2018 жылдары жыл сайынғы «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша өтетін Республикалық олимпиадасында академия студенттері командасының жетекшісі болды. Аталмыш олимпиадада команда ҚР Білім және ғылым министірлігінің 1 дәрежелі дипломые еншіледі.

Академияда жұмысты атқара жүріп, 2016-2018 жылдары Алматы қаласындағы №55 сайлау учаскесінің төраға орынбасары болды. 2019 жылдың ақпанында ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығында магистратураға түсушілердің тесттік тапсырмаларын әзірледі. 2018-2019 жылдары «Дене тәрбиесі және спорт 6M010800» білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер құрамында белсене жұмыс атқарды, 2021 жылы докторантураға түсушілердің сынақ тапсырламалын әзірлеушілер құрамында болды. 2022 жылы Білімді сапамен қамтамасыз ету тәуелсіз агенттігінің Ұлттық expertі болды. А. С. Иванова номинациясы бойынша «Үздік ғылыми-зерттеу жұмысы үшін» ҚазСТА байқауының жеңімпазы (23 қараша 2019 ж.), ҚазСТА-да ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға қосқан елеулі үлесі үшін Құрмет грамотасы (2022 ж.сәуір), 5. "EUROPEAN RESEARCH" XXXVI халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында 1 орын дипломы. (Пенза қ., Ресей, 5 шілде 2022 ж.), Ғылым саласындағы атаулы стипендия иегері (2018 жылғы 6 желтоқсандағы № 672 бұйрық). Осы істерін ескере келе Айдын Бағдатұлы ҚР ғылым және жоғары білім министірлігінің **«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2023»** конкурсы қатысуға тұрарлық оқытушы деп санаймын.

ТЫНДАЛДЫ:

Ермаханова А.Б. –Гимнастика және жүзу кафедрасының меңгерушісі PhD докторы: Ресей мен Қазақстаннан «Жоғары санатты спортшыларын әзірлеудің заманауи жүйесі», «Заманауи жағдайдағы олимпиядалық ойындар» және басқа да бағыттарда біліктілігін көтеру бойынша 60- тан астам сертификаттарды иеленген. 70 жуық ғылыми жұмыстың авторы, оның ішінде 2 монография, 4 оқу-әдістемелік нұсқаулық, 2 электронды оқулық, 8 (Scopus) халықаралық ғылыми журналдарда мақалалары жарық көрді. ҚР БҒМ 2022-2024 жылдарға арналған "Жалпы білім беретін мектептің жұмыс жүйесіне олимпиадалық білім беруді енгізудің виртуалды форсайт-зертханасы" тақырыбындағы республикалық іргелі жобаның ғылыми жетекшісі.

Айдын Бағдатұлының жетекшілігімен Республикалық, Халықаралық спорттық-мәдени, ғылыми іс-шаралар үздіксіз өткізіліп тұрады. Атап айтсақ, Қ.Р. Байдосовты еске алуға арналған Халықаралық күрес фестивалі, «Білім беру, дене мәдениеті, туризм және спорттағы инновация» Халықаралық ғылыми конференция, Ербол Сыпатаевтың жұлдесі үшін Алматы қаласы ЖОО студенттері арасында ұлттық спорттарымыз Қазақ күресі мен Тоғызқұмалақ ойынынан турнирі және т.б.

Еселі еңбегі елеусіз қалмады. 2019 жылы Қазақ спорт және туризм академиясының дамуына үлес қосқаны үшін төсбелгімен, 2018 жылы Ахмет Байтұрсынов атындағы күміс медальмен, 2022 жылы Ресей елінің Санкт-Петербург қаласындағы П. Ф.Лесгафта атындағы ұлттық дене тәрбиесі, спорт және денсаулық мемлекеттік университетінің Алғыс хатымен марапатталған.

Сондай-ақ, 2022 жылы Ұлттық спорт түрлерін дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақ күресі ассоциациясының Алғыс хатын, Қазақ спорт және туризм академиясының ғылыми-зерттеу жұмыстарының дамуына қосқан үлесі үшін Алғыс хатын, Алматы қаласы әкімдігінен Алматы қаласы ұлттық спорт түрлерін дамытуға қосқан үлесі үшін Алғыс хат, 2022 жылы Астана қаласы Қазақстан Республикасы педагогтар Қоғамының шешімімен білім беру саласына қосқан елеулі үлесі үшін **«Білім беру үздігі»** төсбелгімен марапатталды.

Сондықтан осы еңбектерін ескере келе ҚР ғылым және жоғары білім министрілігінің **«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2023»** конкурсының екінші кезеңіне қатысуға лайықты деп санаймын.

Дауыс беру нәтижелері: «қарсы емес» - 33, «қарсы» - жоқ, «қалыс қалған» - жоқ.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ШЫҒАРАДЫ: PhD докторы, қауымдастырылған профессор Дошыбеков Айдын Бағдатұлын ҚР ғылым және жоғары білім министрілігінің **«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2023»** конкурсына қатысу үшін ұсынылсын.

ҒК Төрағасы, профессор

ҒК ғалым хатшысы, профессор



Закирьянов К.К.

Жуманова А.С.